

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## «Ойын арқылы бала тілін дамыту»

ЖАРИЯЛАНДЫ  
17.02.2023СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/132162/

Мырзаханқызы

ауданы

балабақшасының»

Темірбекова Гүлбану

Алматы қаласы Алатау

КМҚК «№177 бөбекжай-

II санатты логопеді

- 1.Жалпы ойынның бала өміріндегі маңызы.
- 2.Бала тілін дидактикалық ойын арқылы дамыту.

**Мақсаты:**Баланың жалпы ойлау қабілеттерін есте сақтау және қабылдауға зейіннің дамыту.Дидактикалық ойын арқылы ойлау,сөйлеу,тілін дамыту,сонымен қатар өз ойларын толық жеткізе білу,сауаттылығын ашу.

Балалар-біздің болашағымыз,егеменді еліміздің ертеңі.Осы келешек ұрпақтың ойы озық,білімі терең,тәлім-тәрбиесі жоғары болу үшін мемлекетіміз ерекше көңіл бөлуде.Оның айқын көрінісі Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев,өз сөзінде «Қазіргі заман талабына сай,жан-жақты жетелеген, бойында ұлттық сана мен ұлттық психология қалыптасқан,имандылық әдебі,парасаты бар ұрпақ тәрбиелеу» деп атап көрсетті.

1.Балабақшадағы тәрбиелеу- оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту,сөздік қорларын дамыту,ауызша сөйлеуге үйрете отырып үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген.Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып оларды айналасындағы заттармен таныстырып,атын айта білуге,қасиеті мен сапасын,түр-түсі және пішінін ажырата білуге өмірдегі,қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым,түсініктерін дамыта отырып белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту, ісіне тәрбиешінің балалардың сөздік қорларын дамыту, жаңа сөздерді меңгерту, үйренген сөздерін тиянақтап анықтап әрі байытып отыру басты міндет болып саналады.

Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулар орны ерекше. Соның ішінде ойын-баланың шын тіршілігі. Ойын-бала әрекетінің негізгі түрі. Ойын арқылы қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Мәселен, кез келген бала еш уақытта жалғыз ойнамайды, қатар құрбыларымен бірлесіп ойнайды, сол арқылы бір-бірімен өзара қарым-қатынас жасайды. Өз тәжірибемде заттарды қарау, сурет қарау, жұмбақ шешу және құрастыру, саяхат, ойын сабақтарын ұйымдастыру барысында балалар сөздік қорларын дамытады. Сөйтіп бала топтағы жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді. Топта өзім жетекшілік ете отырып балаларды ойын ережесін сақтауға әрі ойната отырып ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамытады.

Заттармен ойналатын ойын ойыншықтарды, табиғи заттарды қолдану арқылы өтіледі. Мысалы: «Дәл осындай тауып ал», «Салыстыр да атын ата», «Қай ағаш жапырағы?», «Бірдей ойыншықты тап».

### **Балалар саусағын ойната отырып тілін дамыту.**

Саусақ ойыны-бұл ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық. Саусақ ойыны саусақтардың көмегімен қандай да болмасын ертегіні немесе өлең-тақпақ шумағын сахналау болып табылады. Саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашады. Саусақтардың қозғалыс-қимылына қарап бала қуанады, шаттанады, сөзді айтуға тырысады. Сонымен бірге халық арасында кеңінен тарап жүрген «Қуырмаш» ойыны да саусақтардың нәзік қимылын жетілдіруге бағытталған.

Мысалы: «Моншақ».

Қызыл сары, көк моншақ,

Мен жасаймын көп моншақ.

Мұнда қатар екі қолдың бас бармағы мен сұқ саусақтарының ұшын түйістіре отырып моншақ тәрізді бейнелейді. Ол өте балалар үшін қызықты әрекет, қол бұлшық етін дамытуға үлкен көмегін тигізеді. Сонымен қатар өзімен-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру: тиегін өзі салу, өзі ағыту, бауын байлау т.б.

Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?»-деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Ойын мектеп жасына

дейінгі баланың жеке басының дамуына ықпал ететін тәрбие құралы. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып, жақсы ұғысады, бірінен-бірі ептілікті үйренеді. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай олардың мінез - құлқының қалыптасу құралы деп ерекше бағалаған. Ойын арқылы бала өзін қоршаған ортамен, табиғатпен, адамдар еңбегімен, қарым-қатынастарымен танысады.

Атақты педагог В.А.Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда, «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес».

Ойын арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірімен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады.

Күнделікті топта баланы ойынға қызықтыра отырып оқу-іс әрекеті кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру. Баланы өжеттілікке, шапшаңдылыққа, ептілікке, батылдыққа, байсалдыққа, тапқырлыққа үйрететін де ойын. Оқу іс-әрекетінде қолданатын ойын түрлері мынандай топтарға бөлінеді.

Ойын түрлері:

- ұлттық ойындар.
- сюжетті рольді ойындар.
- шығармашылық ойындар.
- қимылды ойындар.
- дидактикалық ойындар.

Халық педагогикасында ойындар өте көп соның ішінде ең маңыздысы ұлттық ойын. Олар «Алақан соқпақ», «Тақия тастамақ», т.б. Ұлттық ойындардың мазмұндық ерекшеліктері жағынан да мәнерлі әрі түсінікті. «Арқан тартыс». «Асық ойнау» т.б. Мысалы, қазақ баласы біреуі ат болып қашады, біреуі құрық салады.

Сюжеттік ойындармен қатар рольді ойынның мазмұнын ажырату қажет. Ересектер іс-әрекетінен бала негізгі сәт деп көрсетсе, ойынның мазмұны. Әр түрлі жастағы бала сюжетті ойынға түрліше мазмұн береді. Мысалы: сәбилер түскі тамақ ішу ойынын ойнағанда қандайда бір қимылды қайталай отырып, нан тіледі, ботқа пісіреді, ыдыс-аяқ жуады. Мұнда ойын мазмұны тек қана заттар арқылы қимылдар көрсетіледі. Ойын арқылы өзім жұмыс жасайтын 1-кіші тобында әлеуметтік және құндылық-мәнді құзыреттіліктерін көздедік. Осы жұмыс арқылы мен бала бойында жанұяда, өмірде қажет болар қабілеттерді қалыптастырып дамытуды ұстандым. Мысалы: 1-кіші тобында өткізілген «Автобус» сюжетті-рөльді ойыны осы шынайы өмірде қарым-қатынас жетілдіруге арналады. Балаға терең түсіндіру үшін оны қызықтырып, сендіріп, мадақтап отыру қажет.

Қимылды ойындар балаларды еркіндікке тәрбиелейді. Біздің 1-кіші тобында қимылды ойындарды күн сайын өткізілу ұсынылады. Қимылды ойынды көбіне серуен кезінде таза ауада ойнаймыз. Ойын бүкіл топ болып та, шағын топ болыпта өткізіледі. Бұл ойынға қимыл жасалатын тапсырмалар кіреді. Мысалы: жалаушаны әкелу, қоңырауды соғу, допты қуып жету, т.б.

## **2. Бала тілін дидактикалық ойын арқылы дамыту.**

Ойынның түрлері өте көп. Соның ішінде маңыздысы - дидактикалық ойын. Бұл ойынның пайдасы - баланың ой өрісін қалыптасуын, дамуын мақсат етіп қояды. Сондай-ақ балалардың адамгершілік сезімін оятуға, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға тәрбиелейді. Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді. Ойынның міндеті баланың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру мақсатында орындалады. Дидактикалық ойынды тиімді пайдалану сабақтың әсерлігін, тартымдылығын, белсенділігін баланың ынтасын күшейтеді. Ойын ойнаған кезде дидактикалық материалдар мен көрнекіліктерге жеке көңіл бөлу керек. Балалардың таным қабілетін, логикалық ой-өрісін кеңейтіп, сабаққа ынтасын арттыруда дидактикалық ойындарды ұтымды пайдаланудың маңызы өте зор.

Дидактикалық ойындардың мазмұны мыналарды қамтуы тиіс. Олар:

-Дидактикалық ойындар нақты, қысқа, қызықты болуы тиіс.

-Дидактикалық ойындардағы тапсырмалардың біртіндеп күрделену және ол ақыл-ой іс-әрекетінің тәсілдерін меңгеруге ықпал етуі қажет.

-Ойындардағы тапсырмалардың әртүрлі тәсілмен орындалуын қадағалау және оқытудың тәрбиелік ықпалын күшейтуге ықпал етуі қажет.

-Дидактикалық ойын баланың жас ерекшелігіне сай, бағдарламадағы материалдарға, оның ішінде нақты сабақтың мазмұнына сай болып, тапсырма мәнін ашу керек. Дидактикалық ойындарда қолданылатын материалдар мен көрнекіліктер қарапайым болып, олардың жасалуы мен дайындалуы тез әрі жеңіл болуы шарт.

Тіл дамыту бойынша дидактикалық ойындарды мынандай топтарға жіктеуге болады. Олар:

Балалардың тілін дамытуға бағытталған дидактикалық ойындар: жаңылтпаштар, санамақ, «Қуыр-қуыр қуырмаш», «Малдың төлін шақыру», т.б.

Балалардың тілін дамытуға байланысты сабақтарда жұмбақ ойындарды көбірек пайдалану өте тиімді. Баланың ой-өрісін кеңейтуге, өз бетімен ойланып, заттар мен құбылыстардың сипатталуына, баламасына қарай олардың атын табуға, сөздік қорын молайтуға үлкен септігін тигізеді. Дидактикалық ойын арқылы ойлау, сөйлеу, қиялдау, тілін дамыту, сонымен қатар өз ойларын толық жеткізе

білу, сауаттылығын ашу.

1-кіші топта жұмыс жасаған кезімде тіл дамыту сабағында тақырыбына қарай мынандай дидактикалық ойындарды пайдаланамын.

1-кіші топта дидактикалық ойындардың жеңіл түрі ойнатылады.»Даусын сал»,-ойын шарты:кубик арқылы ойнатамын бала кубикті лақтырып қандай жануар түссе сол жануардың дыбысын салады.Сол сияқты «Қимылын көрсет»-ойын шарты:айтылған заттардың қимылын көрсету мысалы:қоян,ұшақ,аю,бақа,т.б.

«Ғажайып қалта»-ойын шарты:қалтаның ішіндегі шыққан заттарды атау мысалы:алма,доп,мысық,орындық,т.б.

Қорыта келе айтқанда:

Ойын мектепке дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті.Ойын-балалар өмірінің нәрі,яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты.Ойын арқылы балалар қоғамдық тәжірибені меңгереді,өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады.

Бір сөзбен айтқанда,ойын баланың жан -жақты дамуын жетілдіретін,белсенділігін арттыратын,басқа адамдармен қарым-қатынасын реттеп,құрдастарымен ұйымшылдығын арттыруға негіз болып табылады.Ойын- бала үшін біліктіліктің қайнар көзі.Сондықтан, жас өрендер ойнай отырып ойлай білсін.

**КМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.